

"2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы және "2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қазандағы № 1205 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 1193 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

2. «2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қазандағы № 1205 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданып.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қайрат Немәтұлы Келімбаевке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2012 жылғы

№ Жарлығымен

МАҚҰЛДАНҒАН

Жоба

2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы**шартқа толықтырулар енгізу туралы****ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберіндегі Кеден одағына мүше мемлекеттер,

2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру туралы шартты, 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының Кеден комиссиясы туралы шартты негізге ала отырып,

халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын назарға ала отырып,

Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында кедендік реттеуді қамтамасыз ету мақсатында,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) ажырамас бөлігі болып табылатын Кеден одағының Кеден кодексіне осы Хаттамаға қосымшаға сәйкес толықтырулар енгізілсін.

2-бап

Осы Хаттаманы түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар Шартта белгіленген тәртіппен шешіледі.

3-бап

Осы Хаттамаға ескертулерге жол берілмейді.

4-бап

Осы Хаттама ратификациялауға жатады.

Осы Хаттама дипломатиялық арналар арқылы осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң күшіне енеді.

2012 жылғы «___» _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы осы Хаттаманың депозитарийі болып табылатын және Тараптардың әрқайсысына оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Кеден одағының комиссиясында сақталады.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
2009	27	
жылғы	қарашадағы	Кеден
одағының	Кеден	кодексі
шартқа	толықтырулар	туралы
туралы	хаттамаға	енгізу
қосымша		

Кеден одағының Кеден кодексіне енгізілетін толықтырулар

1. 4-баптың 1-тармағының 21) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тауарларды құбыржол көлігімен немесе электр беру желілері бойынша өткізген кезде өткізуге (өткізуді ұйымдастыруға) шарт (шарттар) болған кезде электр беру желілерін немесе құбыржол көлігін пайдалануға және (немесе) тауарларды электр беру желілері немесе құбыржол көлігімен өткізуге, сондай-ақ құбыржол көлігімен немесе электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды бақылау мен есепке алуға жауапты тұлға тасымалдаушы болып табылады;».

2. Мынадай мазмұндағы 334-1-баппен толықтырылсын:
«334-1-бап. Осы тарауда пайдаланылатын терминдер

Осы тарауда мынадай терминдер пайдаланылады және олардың айқындалары:

1) әкелу орны – Кеден одағының және (немесе) шекаралас мемлекеттің кедендік аумағында орналасқан кедендік шекара арқылы құбыржол көлігімен және (немесе) электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды есепке алу құралдары орнатылатын орын, олардың көрсеткіштері Кеден одағының кедендік аумағына құбыржол көлігімен және (немесе) электр беру желілері бойынша әкелінген тауарлардың санын айқындау үшін пайдаланылады;

2) әкету орны – Кеден одағының және (немесе) шекаралас мемлекеттің кедендік аумағында орналасқан кедендік шекара арқылы құбыржол көлігімен және (немесе)

электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды есепке алу құралдары орнатылатын орын, олардың көрсеткіштері Кеден одағының кедендік аумағынан құбыржол көлігімен және (немесе) электр беру желілері бойынша әкетілген тауарлардың санын айқындау үшін пайдаланылады;

3) жөнелту орны – аумағынан құбыржол көлігімен өткізілетін тауарларды жөнелту басталатын Кеден одағына мүше мемлекетте осы тауарларды есепке алу құралдары орнатылатын орын, олардың көрсеткіштері тауарлардың санын (жалпы санын) айқындау мақсатында пайдаланылады.

Аумағынан тауарларды өткізу басталатын Кеден одағына мүше мемлекеттің аумағында тауарларды есепке алу құралдары орнатылғанға дейін осындай тауарлардың жүру жолында бірінші болып табылатын Кеден одағына басқа мүше мемлекеттің аумағында тұрған тауарларды есепке алу құралдары орнатылған орын жөнелту орны бо л ы п т а б ы л а д ы ;

4) межелі орын – аумағында құбыржол көлігімен өткізілетін тауарларды өткізу аяқталатын Кеден одағына мүше мемлекеттегі осындай тауарларды есепке алу құралдары орнатылатын орын, олардың көрсеткіштері тауарлардың санын (жалпы санын) айқындау мақсатында пайдаланылады.

Аумағында тауарларды өткізу аяқталатын Кеден одағына мүше мемлекетте тауарларды есепке алу құралдары орнатылғанға дейін осындай тауарлардың жүру жолында соңғысы болып табылатын Кеден одағына басқа мүше мемлекеттің аумағындағы тауарларды есепке алу құралдары орнатылған орын межелі орын болып т а б ы л а д ы ;

5) жеткізу орны – өлшеулерді жүргізу тасымалдаудың технологиясымен негізделген және негізінде осындай өткізу жүзеге асырылатын сыртқы сауда шарттарының талаптарымен айқындалған тауарларды есепке алу құралдары орнатылатын орын.».

3. 335-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. Құбыржол көлігімен өткізілетін тауарларды көліктің өзге түрлеріне қайта тиеуге қызмет өңірінде осындай жүк операциясы жүзеге асырылатын кеден органының жаз б а ш а р ұ қ с а т ы м е н ж о л б е р і л е д і .».

4. 336-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Кеден одағының комиссиясы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы электр берудің мемлекетаралық желілері бойынша өткізілетін электр энергияның іс жүзіндегі санын айқындау ерекшеліктерін белгілеуге құқылы.».

5. 339-бап мынадай мазмұндағы 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11-тармақтармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«4. Егер осы баптың 1-тармағына сәйкес өзгеше белгіленбесе, құбыржол көлігімен өткізілетін тауарлардың кедендік транзиті осы бапта көзделген ерекшеліктерді ескере от ы р ы п ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

5. Егер осы тарауға сәйкес өзгеше белгіленбесе:

1) әкелу орнынан әкету орнына дейін шетелдік тауарларды;
2) әкелу орнынан межелі орынға дейін шетелдік тауарларды;
3) егер бұл осы Кодекстің 215-бабының 5-тармағына сәйкес көзделген болса, жөнелту орнынан әкету орнынан дейін шетелдік тауарларды, сондай-ақ Кеден о да ғ ы н ы ң та у а р л а р ы н ;

4) жөнелту орнынан межелі орынға дейін шетелдік тауарларды;
5) Кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағы арқылы әкету орнынан әкелу орнына дейін Кеден одағының тауарларын құбыржол көлігімен өткізу кезінде кедендік транзит қолданылады.

6. Егер Кеден одағының кедендік аумағына әкелу басталғанға дейін олар ішкі тұтыну үшін шығару, уақытша әкелу (жіберу), ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу, кедендік аумақта қайта өңдеу немесе кері импорт кедендік рәсімімен орналастырылған жағдайда тауарларды Кеден одағының кедендік аумағына құбыржол көлігімен әкелу кезінде кедендік транзит кедендік рәсімі қолданылмайды.

Егер мұндай өткізу табиғи газды құбыржол көлігімен тасымалдаудың технологиялық ерекшеліктерімен негізделген болса, Кеден одағының кедендік аумағы бойынша өткізу кезінде бұдан бұрын Кеден одағының кедендік аумағынан уақытша әкету кедендік рәсіміне сәйкес әкетілген табиғи газдың экспорты кедендік рәсімімен орналастырылған кезде кедендік транзит кедендік рәсімі қолданылмайды.

7. Кеден одағына бірнеше мүше мемлекеттердің аумағы бойынша әкелу орнынан әкету орнына дейін құбыржол көлігімен өткізілетін тауарларға қатысты кедендік декларация Кеден одағының кедендік аумағы бойынша көрсетілген тауарларды өткізуге (өткізуді ұйымдастыруға) шарт (шарттар) жасасқан тасымалдаушы тіркелген Кеден одағына мүше мемлекетте беріледі.

8. Құбыржол көлігімен өткізілетін тауарлардың кедендік транзит мерзімін ұзарту аумағында кеден органы осындай кедендік рәсімге сәйкес тауарларды шығаруды жүргізген Кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Декларант аумағында кеден органы тауарларды шығаруды осындай кедендік рәсімге сәйкес жүргізген Кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген мерзімдерде жеткізудің әр күнтізбелік айы үшін кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес құбыржол көлігімен іс жүзінде өткізілген тауарлар туралы нақты мәліметтерді ұ с ы н у ғ а м і н д е т т і .

10. Құбыржол көлігімен өткізілетін тауарлардың кедендік транзит кедендік рәсімі:

1) егер бұл осы Кодекстің 215-бабының 5-тармағына сәйкес көзделсе, әкелу орнынан немесе жөнелту орнынан әкету орнына дейін өткізілетін (тасымалданатын) шетелдік тауарларға, сондай-ақ Кеден одағының тауарларына қатысты – тауарлар Кеден одағының кедендік аумағынан әкетілгеннен кейін және кеден органы іс жүзінде өткізілген тауарлар туралы нақты мәліметтері бар кедендік декларацияда кедендік транзит кедендік рәсімін аяқтау туралы белгілерді қойғаннан кейін;

2) жөнелту орнынан немесе әкелу орнынан межелі орынға дейін өткізілетін (тасымалданатын) шетелдік тауарларға қатысты – құбыржол көлігімен іс жүзінде өткізілген тауарлар туралы нақты мәліметтері бар кедендік декларацияны беру үшін белгіленген мерзім шегінде осы Кодекске сәйкес тауарларды кедендік рәсімдермен межелі орында орналастырумен;

3) әкету орнынан әкелу орнына дейін өткізілетін Кеден одағының тауарларына қатысты – тауарларды Кеден одағының кедендік аумағына әкелгеннен және кеден органы іс жүзінде өткізілген тауарлар туралы нақты мәліметтері бар кедендік декларацияда кедендік транзит кедендік рәсімін аяқтау туралы белгілерді қойғаннан кейін аяқталады.

11. Тауарларды кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес өткізген кезде осы Кодекстің 215-бабы 6-тармағының, 216-бабы 3), 5) – 7) тармақшаларының, 218–221-баптарының, 222-бабы 1-тармағының, 225-бабының, 227-бабы 2, 3 және 6-тармақтарының, 228-бабы 2, 3 және 4-тармақтарының ережелері қолданылмайды.».

6. Мынадай мазмұндағы 339-1-баппен толықтырылсын:
«339-1-бап. Кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған) құбыржол көлігімен өткізілетін тауарларға қатысты әкелу, әкету кедендік баждарын, салықтарын төлеу бойынша міндеттемелердің пайда болуы мен тоқтатылуы және оларды төлеу мерзімдері

1. Кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған) шетелдік тауарларға қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарын төлеу бойынша міндеттеме декларантта осы Кодекстің 227-бабының 1-тармағына сәйкес кеден органы кедендік декларацияны тіркеген сәттен басталады және:

1) осы рәсім қолданылған уақытта кедендік әкелу баждарын, салықтарын төлеу мерзімі басталған жағдайды қоспағанда, осы Кодекстің 339-бабының 10-тармағына сәйкес кедендік транзит кедендік рәсімі аяқталған кезде;

2) осы Кодекстің 80-бабының 2-тармағында белгіленген жағдайларда тоқтатылады.

2. Егер құбыржол көлігімен өткізілетін және кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар Кеден одағының кедендік аумағынан әкетілмесе және кедендік транзит кедендік рәсімінен өзге кедендік рәсіммен құбыржол көлігімен іс жүзінде өткізілген тауарлар туралы нақты мәліметтері бар кедендік декларацияны беру үшін белгіленген мерзім ішінде орналастырылмаса, кедендік әкелу баждарын, салықтарын төлеу мерзімі кеден органының оған сәйкес тауарлар кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылған алдын ала (бағдарлы) мәліметтері бар кедендік декларацияны тіркеген күні болып саналады.

3. Кедендік әкелу баждары, салықтары кеден органының оларға сәйкес тауарлар кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылған алдын ала (бағдарлы)

мәліметтері бар кедендік декларацияны тіркеген күні есептелген, ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен тауарларды орналастыру кезінде төлеуге жататын әкелу кедендік баждарының, салықтарының тиісті сомаларына сәйкес мөлшерлерде төленуге ж а т а д ы .

4. Құбыржол көлігімен өткізілетін және кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылған Кеден одағының тауарларына қатысты кедендік әкету баждарын төлеу бойынша міндет декларантта осы Кодекстің 228-бабының 1-тармағына сәйкес кеден органының кедендік декларацияны тіркеген сәтінен бастап пайда болады және:

1) осы рәсім қолданылатын уақытта кедендік әкету баждарын, салықтарын төлеу мерзімі басталған жағдайды қоспағанда, кедендік транзиттің кедендік рәсімі осы Кодекстің 339-бабының 10-тармағына сәйкес аяқталған кезде;

2) осы Кодекстің 80-бабының 2-тармағында белгіленген жағдайларда тоқтатылады.

5. Тауарлар Кеден одағының кедендік аумағына әкелінбеген немесе құбыржол көлігімен іс жүзінде өткізілген тауарлар туралы нақты мәліметтері бар кедендік декларацияны беру үшін белгіленген мерзім ішінде кедендік транзит кедендік рәсімінен өзге кедендік рәсімімен орналастырылмаған жағдайда кеден органының оған сәйкес тауарлар кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылған алдын ала (бағдарлы) мәліметтері бар кедендік декларацияны тіркеген күні әкету кедендік баждарын төлеу мерзімі болып табылады.

6. Кедендік әкету баждары тауарларды экспорт кедендік рәсімімен орналастыру кезінде кеден органы оларға сәйкес тауарлар кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылған алдын ала (бағдарлы) мәліметтері бар кедендік декларацияны тіркеген күніне есептелген кедендік әкету баждарының сомаларына сәйкес келетін мөлшерлерде төленуге жатады. ».

7. Мынадай мазмұндағы 371-1-баппен толықтырылсын:
«371-1-бап. Тауарларды құбыржол көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізу кезінде кедендік операцияларды жүзеге асыру туралы өтпелі ережелер

1. Осы Кодекстің 337-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген шекаралас мемлекеттің аумағында орналасқан құбыржол көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды есепке алу құралдарының жұмысын және кеден органы лауазымды адамдарының осындай құралдарды орнату орындарына қол жеткізу тәртібін айқындайтын Кеден одағына мүше мемлекет пен шекаралас мемлекеттің халықаралық шарты күшіне енгенге дейін, бірақ 2015 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей шекаралас мемлекеттің аумағында орналасқан құбыржол көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды есепке алу құралдарының тасымалдаушы ұсынатын көрсеткіштерін пайдалануға жол беріледі.

2. Осы Кодекстің 336-бабы 3-тармағының екінші бөлігінде көзделген Кеден одағына мүше мемлекеттегі техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар күшіне

енгенге дейін, бірақ 2015 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей желілерде электр энергиясының шығыстарын айқындау тәртібі Кеден одағы комиссиясының шешімімен а й қ ы н д а л а д ы .

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген Кеден одағы комиссиясының шешімімен айқындалған желілерде электр энергиясының шығындарын айқындау тәртібі болмаған жағдайда, 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін желілерде электр энергиясының шығындарын айқындау тәртібі мемлекетаралық электр беру желілерін пайдалануға жауапты уәкілетті ұйымдар арасында жасалған электр энергиясының өтуін есепке алу туралы келісімдерге сәйкес айқындалады.

3. Осы Кодекстің 336-бабы 3-тармағының үшінші бөлігінде көзделген Кеден одағы комиссиясының шешімі күшіне енгенге дейін, бірақ 2014 жылғы 1 қаңтардан кешіктірілмей Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы электр берудің мемлекетаралық желілері бойынша өткізілетін электр энергиясының нақты санын айқындау ерекшеліктері электр берудің мемлекетаралық желілерін пайдалануға жауапты уәкілетті ұйымдар арасында жасалған электр энергиясының өтуін ұйымдастыру туралы келісімдерге сәйкес айқындалады.»